


# Үнді дауыссыз дыбыстар

# Жұмбақ

О щеночке он мечтает,
Друг к нему в окно влетает,
Гость он всех Стокгольмских крыш,
А зовут его ...

Сейчас мне ответь не спеша:
Летающий друг Малыша,
Который на крыше живёт
И любит варенье и торт.

**Жауабы: 1. Малыш – балақай**
**2. Карлсон**





## Оқылым.Мәтінді оқы және аудар.

Ертеде швед елінде бір отбасы тұрды. Олар: әкесі, анасы және үш балақай. Кішкентай ұлдың есімі –Балақай болатын. Ол тентектік жасаса, ата-анасы қамап қоятын еді. Бір күні Балақай мектептен келе жатып кішкентай күшікті көрді. Сөйтіп ол үстін бүлдіріп алды.Үйге келген соң әкесі мен анасы оған ұрысты. Оны тағы да қамап қойды. Өздері қыдырып кетті.Балақай терезенің алдынан ұшатын қанаты бар адамды көрді. Олар танысты. Оның аты – Карлсон еді.





**Жаңа сөздер**

| | |
|---|---|
| **Шатыр**-крыша | **Балақай**-малыш |
| **Дос**-друг | **Достар**-друзья |
| **Үй**-дом | **Терезе**-окно |

# Мәтін бойынша тест.

1.Кішкентай ұлдың есімі кім?
A.Балақай
B.Карлсон
C.Күшік
Д.Швед
2. Балақай мектептен келе жатып нені көрді?
A.Карлсонды
B. ата-анасын
C.кішкентай күшікті
Д.достарын
3.Балақай ұшатын қанаты бар адамды қайдан көрді?
A.мектептен келе жатып
B.терезенің алдынан
C.шатырдан
Д.бөлме ішінен
4. Ұшатын қанаты бар адам кім?
A.Карлсон
B.күшік
C.ата-анасы
Д.Балақай





# Тыңдалым. Мәтінді тыңда.

Балақай мен Карлсон — дос. Карлсон шатырда тұрады. Карлсон тосапты жақсы көреді. Балақай мейірімді, адал, жақсы бала. Ал Карлсон әзілқой, өзін өте жақсы көретін кейіпкер.



Жаңа сөздер

**тосап** – варенье, **әзілқой** – шутник, **мейірімді**-добрый

# Айтылым. Суреттер бойынша айт.

Балақайдың  бар.

Карлсон  тұрады.

Карлсон  жақсы көреді.

**Айтылым. Сұрақтарға жауап бер.**

1.Ал үй жануарларынан сенің досың не?

Жауабы: Үй жануарларынан менің досым - ..............

2.Карлсон сынды ұша алатын досың болса, екеуің бірге қайда саяхаттар едіңдер ?

Жауабы: Карлсон сияқты досым болса,............. саяхаттар едім.












# Берілген сөз тіркестерін сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| Тентек | Тосап |
| Ұшатын | Балақай |
| Тәтті | Карлсон |
| Мейірімді | Күшік |
| Кішкентай | Бала |



# Кел, жаттығайық!



Мына мысық,
Ерекше пысық,
Кетпесін күшік,
Тосапқа түсіп.

# Жазылым.

- Өзіңе ұнаған бір кейіпкерді таңдап есімін жаз.
- Суретін сал.
- Ол қандай?

  Жауабы: Ол кішкентай,.........



- Оның мінезі қандай?

  Жауабы: Оның мінезі жақсы,............
- Кейіпкеріңе 2 сұрақ қой.

  Жауабы: Мемен дос боласың ба?

  1. ......................................
  2.......................................

# Есте сақта!



Дауыссыз дыбыстар өз ішінен үн мен салдырдың қатысына қарай 3 топқа бөлінеді.
Қатаң дауыссыздар тек салдырдан жасалады : *п, т, с, ш, к, қ, х, ф, ц, ч, щ, h*
Ұяң дауыссыздарда үннен гөрі салдыр басым : *б, в, д, ж, з, г, ғ*
Үнді дауыссыздар да салдырдан гөрі үн басым : *л, м, н, ң, р, й, /у/.*

Жазылым. Әріптерді орнына қойып жаз (л,м,н,ң,р,й,у)

Ба……ақай, .....ысық, е….тегі, әзі….қой, мейірі……ді, те…..тек, кішке…..та…., шаты…., ада……, кейіпке……, ата-а….асы, есі….., те…..езе, ү…..

Дұрыс жауабын тексер.

Балақай, мысық, ертегі, әзілқой, мейірімді, тентек, кішкентай, шатыр, адал, кейіпкер, ата-анасы, есім, терезе, үй.

**Жазылым.**

«Карлсон» сөзіне дыбыстық талдау (дауыссыз дыбыстар) жаса.

**К-дауыссыз, қатаң**

**а-**

**р-**

**л-**

**с-**

**о-**

**н-**



Жауабы: р-дауыссыз, үнді, л-дауыссыз, үнді, с-дауыссыз, қатаң, н-дауыссыз, үнді.

## Үй жұмысы:

1.«Балақай мен Карлсон» атты мультфильмді көру. (1—бөлім).
2.Кейіпкерлерді сипаттау.
3.Достарыңа сипаттама бер.

**https://ok.ru/video/303618265367**